

ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы

2015 жыл 05 қараша

Қазақстан қор биржасы мен Thomson Reuters өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды

Лондон, 2015 жыл 04 қараша – Қазақстан қор биржасы (KASE) мен Thomson Reuters (Markets) Eastern Europe Ltd. Өзара түсіністік туралы меморандум (ӨТМ) қол қойды. Меморандумға қол қою мақсаты қазақстандық капитал нарығының дамуы және Thomson Reuters аймақтағы қызметінің мүддесі үшін ақпараттармен және тәжірибемен алмасу арқылы іскерлік серіктестікті дамыту бойынша ынтымақтастықты және бірлескен қызметті кеңейту болып табылады.

KASE және Reuters ынтымақтастығы 1997 жылы басталып, 2010 жылдан бастап KASE Thomson Reuters терминалдары арқылы нақты уақыт тәртібінде нарықтық мәліметтерді табысты жеткізіп отырады.

ӨТМ екі компанияның ынтымақтастықты әрі қарай тереңдетуге ұмтылысын білдіріп, екі жақтың да мүддесін қамтитын, бірлескен қызметтің жаңа мүмкіншіліктерін зерттеуді көрсетеді.

"Thomson Reuters – Қазақстан қор биржасының сенімді ұзақ мерзімді серіктесі, сондықтан Астанада жаңа халықаралық қаржы орталығын дамыту тұрғысынан, нарыққа ұсынылатын қызметтер қатары мен ақпараттық өнімдерді кеңейтуге қарай біздің ынтымақтастығымызды жан-жақты дамытқымыз келеді", – деді Есжан Біртанов.

Thomson Reuters (Markets) Eastern Europe Ltd. Ресей және ТМД елдері бойынша Басқарушы директоры Петр Марчевски мырза өз сөзінде: "Бұл қадам Thomson Reuters, сапалы контент ұсыну және айқындықтың артуы арқылы, жергілікті нарықтардың өсуіндегі өзекті рөл атқаратынын дәлелдейді. Сондай-ақ біздің аймаққа инвестициялау бойынша ұзақ мерзімді жоспарларымызбен үнедеседі. KASE кәсіби қатысушыларының мүддесіне Қазақстан қор биржасымен бірлескен ынтымақтастығымыздың бірнеше аясын дамытқымыз келеді".

Меморандумға Лондон қаласында Thomson Reuters (Markets) Eastern Europe Ltd. Ресей және ТМД елдері бойынша Басқарушы директоры Петр Марчевски мырза және KASE Басқармасының Төрағасы Есжаном Біртанов қол қойды.

Анықтама үшін :

KASE – Қазақстан қор биржасы (KASE) ТМД аймағындағы жетекші биржаларының бірі болып табылаты, оның ресми тізімінде 130-дан астам компаниялардың бағалы қағаздары енгізіліп, 50-ден астам брокерлер онымен сауда-саттық жүргізеді. KASE Қазақстанның қаржы нарығында қызмет ететін жалғыз биржа болып табылады. Бұл – репо нарығының қаржы құралдарының, шетел валюталарының, мемлекеттік және қазақстандық және шетелдік эмитенттердің беймемлекеттік корпоративтік облигацияларының және халықаралық ұйымдардың облигацияларының сауда-саттығына арналған әмбебап сауда алаңы.

Қазақстан Орталық-Азиялық аймақтағы аймақтық қаржы орталығы ретінде дамуды көздеген, Исламдық қаржыландыруды дамытуға ерекше көңіл бөлетін, жетекші қаржы нарығы болып табылады. Қазақстан қарқынды дамып келе жатыр. Елдің дамыған және динамикалық ішкі капитал нарығы бар, өз кезегінде ол Орталық-Азиялық аймақтағы басқа қатысушылар мен әлеуетті эмитенттерді тартады. KASE туралы қосымша ақпараттармен қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде www.kase.kz сайтында танысуға болады.

Thomson Reuters кәсіпорындар мен мамандарға арналған зияткерлік ақпараттардың әлемдегі жетекші ресурсы болып табылады. Қаржылар мен тәуекелдер, құқықтық, салықтық және бухгалтерлік есеп беру, зияткерлік меншік және ғылыми-бұқаралық нарықтардың саласында

шешім қабылдау үшін, ең сенімді әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарынан алған маңызды ақпараттарды жеткізу үшін салалық тәжірибені инновациялық технологиялармен біріктіреміз. Thomson Reuters акциялары Торонто және Нью-Йорк қор биржаларында биржах (таңбасы: TRI) бағаланады. Толығырақ ақпараттарды алу үшін www.thomsonreuters.com сілтемесін пайдаланыңыз.